

ҚАУЛЫСЫ

«09» ақпан 2021 ж.

Қызылорда қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2

город Кызылорда

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 05 қаңтар 2021 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясы (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) Қаулының 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3-тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» №67 Қаулысының 46-қосымшасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың және 2020 жылғы 28 тамыздағы енгізілген толықтырулардың талаптары сақталған кезде, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық және бетперде режимін, келушілер арасындағы элеуметтік қашықтықты сақтау және асханаларды тамақтану залының отыратын орындарының жобалық қуатының 30%-нан аспайтын толтыру шартымен білім беру ұйымдарындағы контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық дәстүрлі форматта оқитын мектептер, 1-ден 5-ші сыныпты қоса алғанда, оқу бітіретін 9, 11 (12) сыныптардағы оқушылар, колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне рұқсат етуді.»;

2) Қаулыға 4-қосымшада «Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшем шарттары» мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ	Сары аймақ	Жасыл аймақ
22	Діни объектілер	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей	+ Мешіттерде толымдылығы 30%-ға дейін, бірақ 100 адамнан аспаған кезде (<i>бес намаз</i>) ұжымдық құдайға құлшылық етуге рұқсат етілген. Сиымдылығы 150 адамға дейін, толымдылығы 25%-дан аспайтын мешіттерде, ауылдық жерлерде ғана жұма намазына рұқсат етілген.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



Handwritten signature in blue ink.

Д. Жанабергенова



ҚАУЛЫСЫ

«09» февраля 2021 г.

Қызылорда қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2

город Кызылорда

**О внесении изменения и дополнения
в Постановление Главного
государственного санитарного
врача Кызылординской области
«Об ограничительных, в том числе
карантинных мерах по Кызылординской
области» №1 от 05 января 2021 года**

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Кызылординской области, в соответствии с пунктом 2 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести в Постановление Главного государственного санитарного врача Кызылординской области от 05 января 2021 года «Об ограничительных, в том числе карантинных мерах по Кызылординской области» №1 следующие изменение и дополнение:

1) пункт 3 Постановления дополнить подпунктом 3 следующего содержания:

«3) Разрешение деятельности объектов общественного питания на объектах образования с контингентом до 300 учащихся в традиционном формате в городских и сельских школах, учащихся с 1 по 5 классы включительно, 9,11 (12) выпускных классов, студентов I курсов колледжей, ВУЗ-ов при условии соблюдения усиленного санитарно-дезинфекционного и масочного режима, социальной дистанции между посетителями и заполнением столовых не более 30% от проектной мощности посадочных мест обеденного зала согласно требований приложения 46 Постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 25 декабря 2020 года «О дальнейшем усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Республики Казахстан» № 67, а также требований санитарных правил, утвержденных приказом МЗ РК от 16 августа 2017 года №611 и дополнениями от 28 августа 2020 года»;

«2) в приложении 4 к Постановлению «Критерии ограничения работы социально-экономических объектов» строку 22 изложить в следующей редакции»:

№	Объекты/отрасли	Красная зона	Желтая зона	Зеленая зона
22	Религиозные объекты	✓ без проведения коллективных мероприятий	✓ без проведения коллективных мероприятий	+ Разрешено проведение намаза в мечетях (<i>бес намаз</i>), коллективного богослужения, при заполняемости до 30%, но не более 100 человек. Разрешено проведение жума намаза только в сельской местности, в мечетях, вместимостью до 150 человек, не более 25% заполняемости.

2. Контроль за исполнением настоящего Постановления оставляю за собой.

3. Настоящее Постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный государственный
санитарный врач
Кызылординской области



(Handwritten signature)

Д.Жанабергенова